

## Кокостың көкесі

1-тапсырма (28 ұпай). Вурес сөз тіркестері мен аудармаларын сәйкестендіріңіз.

1. kulë gövur (2 ұп.)	I. үйдің арты, бүйір беттері мен шатыры
2. mōtō mōlumlum (2 ұп.)	F. еті қабығынан оңай ажырайтын кокостың түрі
3. mōtō gö luwō (2 ұп.)	H. кокостың қалың етті, ірі түрі
4. qet mēmēs (3 ұп.)	C. бас ауруы
5. kulë (2 ұп.)	E. арқа
6. woo mōlum (2 ұп.)	M. жұмсақ бамбуктың түрі
7. burus mete (3 ұп.)	L. кірпік
8. mōtō vet (2 ұп.)	K. қабығынан қиын ажырайтын қатты еті бар кокостың түрі
9. giav vet (2 ұп.)	J. әдетте тасты жағалауда кездесетін шаянның түрі
10. qetvet (2 ұп.)	A. қырсық
11. nögö gövur (2 ұп.)	D. үйдің алды
12. woo vet luwō (2 ұп.)	B. қалың және берік бамбуктың бір түрі
13. mete gövur (2 б.)	G. есік

2-тапсырма (3 ұпай). qetvet сөзінің сөзбе-сөз аудармасын жазыңыз. (“**таc/қатты**” және “**бас**” сөздері бар кез келген сөз тіркесі, мысалы “**тасты бас**”).

\*\*\*

Өмірдің белгілі бір кезеңінде nögö үстінде mete mōtō пайда болатыны белгілі, олар уақыт өте келе өздерімен өзі жоғалады.

3-тапсырма (2 ұпай). nögö сөзі нені білдіретінін жазыңыз. (**бет**)

4-тапсырма (5 ұпай). mete mōtō сөз тіркесі нені білдіретінін (**безеу/ұшық/прыщи, 2 ұпай**) және оның сөзбе-сөз аудармасын жазыңыз. (“**кокос көздері**”, немесе “**кокос**” және “**көз**” сөздері бар кез келген сөз тіркесі, **3 ұпай**)

5-тапсырма (2 ұпай). Қай кезең туралы айтылған? (**жеткіншек жас, жасөспірім кезеңі**)

## Мені кім шақырды?!

1-тапсырма (2 ұпай). Қалың қаріппен белгіленген сөздер жоғарыдағы басқа сөздерде байқалмайтын белгілі бір ерекшелікке ие. Олардың ерекшелігі неде? **Оларда толықтауыш/объект екі рет белгіленген, ал бастауыш/субъект мүлдем белгіленбеген.**

2-тапсырма (4 ұпай). Қазақ тіліне аударыңыз:

11. untsu-ru-ka-ma-rumi **сендер мені шақырдыңдар** 1 ұпай  
12. uaina-tama-ka-ma-ji **ол сені көрді** 2 ұпай  
13. untsu-ru-ka-ma-ji **ол мені шақырды** 1 ұпай

3-тапсырма (11 ұпай). Уамбиса тіліне аударыңыз:  
(**әрбір қате үшін -1 ұпай**)

14. біз оны шақырдық **untsu-ka-ma-hi** 2 ұпай  
15. мен сендерді шақырдым **untsu-ka-ma-harumi** 2 ұпай  
16. сен бізді көрдің **uaina-tama-ka-ma-mi** 3 ұпай  
17. ол бізді шақырды **untsu-rama-ka-ma-hi** 2 ұпай  
18. сен оны көрдің **uaina-ka-ma-mi** 2 ұпай

4-тапсырма (23 ұпай). Уамбиса сөздерінің құрылымын сипаттаңыз.

Тексерушілер үшін: келесі бетте тілде не болып жатқанын жақсырақ көрсететін кесте бар, мұнда жай ғана ұпайлар берілген

	S (субъект/бастауыш)	O (объект/толықтауыш)
<b>мен</b>	ha 1 ұпай	tu/ru 1 ұпай
<b>біз</b>	hi 1 ұпай	hi және tama/rama 2 ұпай
<b>сен</b>	mi 1 ұпай	mi және tama/rama 2 ұпай
<b>сендер</b>	rumi 1 ұпай	rumi және tama/rama 2 ұпай
<b>ол</b>	ji 1 ұпай	(белгіленбейді) 1 ұпай

**Құрылымы:** субъект = бастауыш (кім?), объект = толықтауыш (кімді?)

егер субъект - 1-жақ (яғни “мен” немесе “біз”) болса: 2 ұпай

[түбір]-ka-ma-[субъект + объект]

ерекше жағдайлардан басқа жағдайларда:

3 ұпай

[түбір]-[объект]-ka-ta-[субъект]

ерекше жағдайлар (“ерекшелігі” 1-тапсырмада сипатталған):

3 ұпай

“ол ... бізді” формасы - [түбір]-[tama/rama]-ka-ta-[hi]

“ол ... сендерді” формасы - [түбір]-[tama/rama]-ka-ta-[rumi]

**Жұрнақтағы дауыссыз дыбысты таңдау:** **untsu** етістігі үшін **r**-ға басталатын жұрнақтар, ал **uaina** етістігі үшін **t**-ға басталатын жұрнақтар қолданылады **1 ұпай**

**Етістіктер:** untsu - шақыру, uaina - көру **1 ұпай**

Кестемен тексеру ыңғайлы болған жағдайда, **тура сол құрылымның кестедегі түрі** де бар:

! “...” таңбасы “-ka-ta-” дегенді білдіреді;

! түбір мұнда көрсетілмеген.

! субъект = бастауыш (кім?), объект = толықтауыш (кімді?)

объект субъект	мені	бізді	сені	сендерді	оны
мен			...-hami	...-harumi	...-ha
біз			...-himi	...-hirumi	...-hi
сен	-tu/ru...-mi	-tama/rama...-mi			...-mi
сендер	-tu/ru...-rumi	-tama/rama...-rumi			...-rumi
ол	-tu/ru...-ji	-tama/rama...-hi	-tama/rama...-ji	-tama/rama...-rumi	...-ji

~ Дана Оспанова

## Vivali Vida

1-тапсырма (6 ұпай). Цифрмен жазыңыз:

likumi na vitatu – 13 2 ұпай

viita vitanu na chimo na makumi awana na vitanu na vitatu – 648 3 ұпай

likulukathzi na vivali – 1002 1 ұпай

2-тапсырма (12 ұпай). Мбунда тілінде жазыңыз:

(әрбір бұрыс сөз үшін -1 ұпай)

53 – makumi atanu na vitatu 2 ұпай

341 – viita vitatu na makumi awana na chimo 4 ұпай

9876 – makulukathzi atanu na awana na viita vitanu na vitatu na makumi atanu na avali na vitanu na chimo 6 ұпай

3-тапсырма (22 ұпай). Мбунда тіліндегі сан есімдердің құрылымын сипаттаңыз.

– негізгі құрылымы үшін 10 ұпай

– егер қатысушы “likulukathzi” мен “makulukathzi”, “chiita” мен “viita” және т.б. сөздердің айырмашылығын түсіндірмесе, 5 ұпайға кеміту керек

– 6-дан 9-ға дейінгі сандар “5 + [1-4 саны]” түрінде жазылатыны туралы айтылса – 2 ұпай

Сан есімдердің құрылымы (12 ұпай):

мбунда:	likulukathzi не makulukathzi $\alpha_1$	+	chiita не viita $\alpha_2$	+	likumi не makumi $\alpha_3$	+	$\alpha_4$
мағынасы:	1000 не $\alpha_1 \times 1000$		100 не $\alpha_2 \times 100$		10 не $\alpha_3 \times 10$		

Басқаша айтқанда:

көк сандар 10, 100, 1000 сандары үшін қолданылады;

қызыл сары сандар басқа сандар үшін қолданылады, мысалы 20, 30, 40...200, 300...2000, 3000 және т.б., сондықтан  $\alpha_1$ ,  $\alpha_2$  және  $\alpha_3$  2-ден 9-ға дейінгі сан ғана бола алады

егер $\alpha$ 1-ден 5-ке дейін болса:	$\beta$	$\beta$ – 1-ден 5-ке дейінгі сан, төменде берілген
егер $\alpha$ 6-дан 9-ға дейін болса:	$5 + \beta$	

Сан есімдердің сөздігі (10 ұпай):

– егер қатысушы екі бағандағы формалардың айырмашылығын түсіндірмесе, 4 ұпайға кеміту керек

$\beta$	$\alpha_1$ ЖӘНЕ $\alpha_3$ ҮШІН (яғни мыңдықтар мен ондықтарда)	$\alpha_2$ ЖӘНЕ $\alpha_4$ ҮШІН (яғни жүздіктер мен бірліктерде)
1	limo (1 ұпай)	chimo (1 ұпай)
2	avali (1 ұпай)	vivali (1 ұпай)
3	atatu (1 ұпай)	vitatu (1 ұпай)
4	awana (1 ұпай)	viwana (1 ұпай)
5	atanu (1 ұпай)	vitanu (1 ұпай)

~ Аида Давлетова